 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

№4 қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕЗИДЕНТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ҮШІН
ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ
ТІЗБЕСІ
ТЕҢГЕДЕ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДА**

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды тұлғалар Банкке ағымдағы банктік шот ашу үшін мәртебесіне байланысты құжаттарды ұсынады.

1. Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалар мен олардың оқшауланған бөлімшелері: филиалдар мен өкілдіктер келесі құжаттарды ұсынады:

- ағымдағы шот ашуға өтініш;
- қол қою үлгілері бар құжат (бар болса, бірінші және екінші қол қою) 2 (екі) данада, оны сенімхат негізінде Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырады немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады¹;

- жарғының түпнұсқасы, немесе клиенттің қалауы бойынша жарғының нотариат куәландырылған көшірмесі (оқшауланған бөлімшелер үшін - Ереже), не үлгі жарғы негізінде клиенттің қызметін жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттың көшірмесі; жоғарыда көрсетілген құжаттардың кез келгенінің кейіннен көшірмесін түсіру үшін, клиенттің үлгі жарғы негізінде қызметін жүзеге асыру фактісін растайтын мемлекеттік тіркеу туралы анықтама ұсынылған жағдайда, мәліметтерді тіркеу және клиентті (оның өкілдерін) және қызметін үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру үшін қосымша мынадай құжаттар қажет: құрылтай шарты және акция ұстаушылардың тізілімі (болған жағдайда) не басқа көздерден алынған мәліметтер;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

- қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізумен (банктік шоттағы ақшаға иелік етумен) байланысты операцияларды жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың), бірінші басшының және бірінші және екінші (бар болса) қол қою құқығына ие тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың (-тардың) көшірмесі;

- ✓ Заңды тұлғаның уәкілетті органының құрылтайшылар жиналысының/жиналысының (отырысының) хаттамасы немесе құрылтайшының басшыны сайлау/тағайындау туралы шешімі (кейіннен көшірмесін алу үшін түпнұсқа);

- ✓ жарғылық капиталда қатысу/акция үлесінің 10 және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылардың/акционерлердің және заңды тұлғаның лауазымды тұлғаларының (оның ішінде Басқарма, Директорлар кеңесі, Бақылау кеңесі мүшелерінің (осындай органдар болған кезде)) құрамын растайтын құжаттар.

- ✓ Басшы лауазымына кірісу және бас бухгалтерді тағайындау туралы бұйрық (кейіннен көшірмесін алу үшін түпнұсқа);

- ✓ негізінде осындай өкілеттіктер берілген өзге де құжаттар (мысалы, заңды тұлғаның басшысымен еңбек шарты немесе шарттың мерзімі мен басшының өкілеттігіне қатысты бөлігінде оның үзінді көшірмесі);


- қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатта мәлімделген тұлғалардың, бірінші немесе екінші қол қою құқығымен шоттағы ақшаны иеленуге (басшы мен бас бухгалтерден немесе жеке кәсіпкерден басқа) өкілеттіктерін растайтын құжаттар- сенімхат, бұйрық және т.б.;

- рұқсат құжаттары (егер клиенттің қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдері арқылы жүзеге асырылған жағдайда);

- Банкпен өзара қарым-қатынаста Клиенттің атынан өкілдік ететін заңды тұлға - Клиенттің уәкілетті тұлғалары қол қойған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

- Банктің талап етуі бойынша:

- ✓ заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірме;

 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

✓ жеке басты куәландыратын не заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар (Акционерлік қоғамдар құрылтайшыларының (қатысушыларының) сондай-ақ қатысушылардың тізілімін жүргізуді бірыңғай тіркеуші жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерінің құжаттарын қоспағанда);

✓ заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірме негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда);

¹ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатты ұсынады; жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар қол қою үлгілері бар құжатты мөрсіз ұсынады; қол қою үлгілері бар құжат 2 (екі) данада ұсынылады, оны сенімхат негізінде Банктің уәкілеттік берілген тұлғасы куәландырады немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады;

2. Қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері, қосымша:

– қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде қарастырылған тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын құжаттар.

3. Өзге нысандағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері, қосымша:

– Қазақстан Республикасының резиденті- заңды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың көшірмесі;
– Ереженің көшірмесі;

4. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, қосымша:

– бюджеттің орындалуы бойынша орталық уәкілетті органның рұқсаты.

5. Инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алу үшін ағымдағы шот ашылған жағдайда, клиент ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын, концессия шартын және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қосымша ұсынады.

6. Сауалнама КЖК/ТҚ Ережелеріне сәйкес (№ 9, 9-1 қосымшалар).

7. МИБ ағымдағы шот ашу үшін Банкке келесі құжаттарды ұсынады:

1) ағымдағы шоттың мақсатын қамтитын өтініш (Қосылу шартына №1 қосымша – Ағымдағы банктік шот ашуға өтініш), бұл үшін клиент төмендегі жолға тиісті белгі қояды:

«Ағымдағы шоттың мақсаты / Назначение текущего счета (коммерциялық емес ұйымдар үшін «мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ)/ для некоммерческих организаций «объединение собственников имущества» (ОСИ):

- кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар бойынша ақшаны есепке алу мақсатында / в целях зачисления денег по расходам на управление объектом кондоминиума и содержания общего имущества объекта кондоминиума;

2) қол қою үлгілері бар құжат 2 (екі) данада, оны Банктің уәкілетті тұлғасы куәландырады немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады;

3) жарғының түпнұсқасы, немесе клиенттің қалауы бойынша жарғының нотариат куәландырылған көшірмесі, не үлгі жарғы негізінде клиенттің қызметін жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттың көшірмесі, жоғарыда көрсетілген құжаттардың кез келгенінің кейіннен көшірмесін түсіру үшін.


4) МИБ құру туралы жиналыстың хаттамасының көшірмесі;

5) МИБ төрағасының жеке басын куәландыратын құжат (құжаттың көшірмесі түсіріледі);

6) Банкпен өзара қарым-қатынаста Клиенттің атынан өкілдік ететін заңды тұлға - Клиенттің уәкілетті тұлғалары қол қойған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

7) Заңды тұлғаның сауалнамасы, КЖК/ТҚ Ережелеріне сәйкес

8. Қызметі тек қана қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлға, қосымша:

 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-занды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

- қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияның көшірмесі;
- қолма-қол валютамен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаларға берілген сенімхаттардың түпнұсқалары, оларды клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады немесе қол қою үлгілері бар құжатта бірінші қол қою құқығы бар клиенттің бірінші басшысы куәландырады.